

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің "Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды айдауылдау ережесін бекіту туралы" N 2498 болып тіркелген, 2003 жылдың 18 қыркүйектегі N 194 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы N 156 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 29 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2880. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 1122 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 02.12.2016 № 1122 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 122 бабын іске асыру мақсатында, бұйырамын:

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2003 жылғы 18 қыркүйектегі N 194 "Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды айдауылдау ережесін бекіту туралы" (нормативті-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу реестерінде N 2498 болып тіркелген) бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген бас бостандығынан айыруға сотталғандарды айдауылдау ережесіне:

17 тармақ үшінші абзацпен мына мазмұнда толықтырылсын:

"Күшейтілген айдауыл сонымен қатар өмірлік бас бостандығынан айырылып жазасын өтеп жатқан сотталғандарды айдауылдау кезінде де тағайындалады.";

18 тармақ 3) тармақшамен мына мазмұнда толықтырылсын:

"3) өмірлік бас бостандығынан айырылып жазасын өтеп жатқан сотталғандарды жеке тінтуден өткізгеннен кейін қолын артынан келтіріп кісен салынады және ол арнайы пунктке келген бойында шешіледі.";

22 тармақ екінші абзацпен мына мазмұнда толықтырылсын:

"Өмірлік бас бостандығынан айырылып жазасын өтеп жатқан сотталғандар қамауға алынған кезде сапта бір-бірден (екі-екіден) және айдауыл бастығының (аға айдауыл) бұйрығы бойынша қозғалады.";

23 тармақ үшінші абзацпен мына мазмұнда толықтырылсын:

"Өмірлік бас бостандығынан айырылып жазасын өтеп жатқан сотталғандарды арнайы автомобильдің камераларына екі адамнан арттырмай орналастырады, оларды айдауылдау басқа сотталғандардан бөлек жүргізіледі.";

30 тармақтың бірінші абзацында "барлығынан бөлек" деген сөздерден кейін " және өмірлік бас бостандығынан айырылып жазасын өтеп жатқан сотталғандар" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Келісілді

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

27 мамыр 2004 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК